

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
23.11.2022 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Е. ҚОШАНОВ жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 23.11.2022 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Е. КОШАНОВ.**

ТӨРАҒА. Келесі мәселе «Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сот алқабилердің қатысуымен қарайтын істер санаттарын кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым).

Сөз Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі депутат Бекжанов Берік Айдарбекұлына беріледі.

БЕКЖАНОВ Б.А. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер! Еліміздегі заң үстемдігін қамтамасыз етудегі алғышарттардың бірі – соттардың тәуелсіз, кәсіби және ашық болуы.

Сот алқабилері институты кінәсіздік презумпциясын бекітуде, сот жарыспалығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарып келеді.

Оған қоса алқабилер соты сот төрелігі мен халықтың сабақтастығын қамтамасыз етуге, қоғамның құқықтық сауаттылығын арттыруға, азаматтардың сот билігіне тікелей араласуына ықпал етеді.

Бүгінгі күнге дейін алқабилер сотталушының қалауы бойынша өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасы көзделген аса ауыр қылмыстық істерді қарауға ғана қатысады. Мысалы, 2007 – 2009 жылдар аралығында алқабилер сотымен жылына орта есеппен 50 іс қаралған болса, кейінгі жылдары 300-ден астам іске өскен. Ал 2023 жылы 1 қаңтардан бастап аса ауыр қылмыстардың 31 құрамы алқабилер сотымен қаралатын болады.

Бұл саланы одан әрі дамыту мақсатында заң жобасында алқабилер сотымен қарастырылатын істердің құрамын кеңейту ұсынылып отыр.

Заң жобасында соттылықты анықтау кезінде қылмыстың санатымен қатар оның қоғамдағы маңыздылығына аса көңіл бөлінді.

Атап айтқанда, қоғамда үлкен резонанс тудырып жүрген автокөлік жүргізушілердің жол жүрісі мен көлік құралдарын басқару қағидаларын бұзу және алкогольдік, есірткілік және уытқұмарлық масаң күйде абайсызда екі немесе одан да көп адамның өліміне әкеп соғуға қатысты істер бойынша алқабилер сотының құзыретіне беру көзделген.

Ресми дерекке сүйенсек, аталған фактілер бойынша өткен жылы барлығы 98 қылмыстық іс қарастырылса, ағымдағы жылдың 9 айының өзінде олардың саны 85-ке жетіп, қоғамның қызу талқысына түсіп отыр. Сол себепті бұл істер санатын алқабилер сотының қарауына беру сот ашықтығының, жариялығының айқын көрінісі болады.

Сонымен қатар жыл басында орын алған қаңтар оқиғасынан кейін азаптауға қатысты істер де ерекше назарға ие болды. Мемлекет басшысы азаптауға қатысты істер бойынша бейтарап және объективті тергеу жүргізуді қамтамасыз етуді тапсырды. Оған қоса бұл қылмыс санаты санының да жылма-жыл өсуі байқалады. Сондықтан бұл істерді қарауды алқабилерге беру – қоғам талабына сай шешім.

Ата заңға енгізілген өзгертулерге сәйкес жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Алайда жыл сайын заңсыз баю мақсатында Қызыл кітапқа енген жануарларды жою, сирек кездесетін өсімдіктерді пайдалану, балық ресурстарын заңсыз пайдаланудың алдын алатын қорықшыларға қатысты браконьерлер тарапынан күш қолдану, денсаулығына нұқсан келтіру, тіпті өлтіру фактілері орын алды.

Осы санаттағы құқық бұзушылыққа жол берген азаматтардың қылмыстық ісіне қатысты алқабилер тарапынан төрелік жасалуы заң жобасының негізгі бағытының бірі болып табылады.

Жалпы, заң жобасымен 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап 11 ауыр және ауырлығы орташа 2 қылмыстың қаралуын алқабилерге беру ұсынылады.

Парламент Мәжілісінің комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын ұсынды.

Баяндалғандар негізінде комитет заң жобасын екінші оқылымда мақұлдауды және оны Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қарауына жолдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет, Берік Айдарбекұлы.

Әріптестер, бас комитеттен осы заң жобасын екінші оқылымда мақұлдау жөнінде ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, осы заң жобасын екінші оқылымда мақұлдау жөніндегі ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 99, «жақтағандар» – 99. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 98, «жақтағандар» – 98. Қаулы қабылданды.



Дүртпе: Құжаттамашен қамтамасыз ету бөлімінің сектор меңгерушісі Майя Н. Шағанбаев.